**Ф-0Б001/065**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**
**№ 5 хаттамасы**

**Түркістан қаласы** **22.01. 2025 ж.**

**Қатысқандар:** Факультет деканы А.Куралбаева, декан орынбасары Б.Баешова, декан орынбасары Қ.Кабекеева, әдіскер Р.Егенова, «Тарих» кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова, «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі А.Тасова, «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі А.Бельдибекова, «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова, факультеттің сапа факультеттің сапа төрағасы С.Паштанов, факультет кеңес мәжілісінің хатшысы Ж. Шалабаева және факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Р.Хазретәліқызы.

**Күн тәртібінде**

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстардың жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ 2024-2025 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтінгісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау
4. Әр түрлі мәселелер

**Бірінші** мәселе бойынша **факультет деканы А.Куралбаева** оқу-әдістемелік жұмыстардың жарты жылдық есебін баяндауға Тарих кафдерасының меңгерушісі Г.Примкуловаға сөз берді.

**Тарих кафдерасының меңгерушісі Г.Примкулова:** Тарих кафедрасының оқу-әдістемелік секциясының отырысы әр айда бір рет жүргізіліп отырды. 2024-2025 оқу жылының басында оқу-әдістемелік жұмыс жоспары, оқу-әдістемелік секция отырысының жоспары құрылды, оқу-әдістемелік секция құрамы бекітілді.

Кафедраның ПОҚ-ның сабақтарына кафедра меңгерушісі, кафедраның оқу-әдістемелік төрағасы мен кафедра мүшелері қатысып, өткен сабақтарға талдау жасалынып, хаттамалар дайындалды. «6В01615-Тарих, 6В02231-Тарих» ББ бойынша емтихан сұрақтары, тәжірибелік емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары дайындалып, бекітілді (хаттама №2, 07.10.2024 ж.). Пәндер бойынша силлабус тақырыптары типтік бағдарламаға сәйкес қайта қаралды. Әр оқытушының ашық сабақ өткізуін қадағалау және олардың сабағына кафедра отырысында әдістемелік талдау жасау жұмысы жүйеге қойылды. Әр оқытушының өзара сабаққа қатысуын қадағалау және олардың журналға жазылып отыруын бақылау, оған кафедра отырысында әдістемелік талдау жасау әдістемесі қалыптасты. Студенттер үшін өтілетін пәндерден оқу құралдарын, оқу-әдістемелік контенттер, нұсқауларын дайындау жоспарын орындау мақсатында оқу-әдістемелік құралдар шығару тапсырылды. Студенттердің сабаққа қатысуын қадағалау және үлгерімі нашар студенттермен қосымша сабақ өткізу мақсатында студенттерге тәлімгер бекітіліп берілді. Ашық сабақтар және өзара сабақтарға қатысу: 2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығына жоспарланған 2 ашық сабақ, 3өзара сабақ, 3семинар сабақтары өтті.

Әр пәннен лекция тезистерін, практикалық және лабораториялық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар дайындау ісі жүргізілді. Қысқы сынақ-емтиханға дайындықты талдау бойынша кафедра мәжілістері өтті, хаттамасы тігілді. Мамандық

бойынша оқу-өндірістік тәжірибенің кешенді бағдарламасы дайындалып, бекітілді Барлық тәжірибеге дайындық құжаттары папкілерге хатталып, практика бөліміне өткізілді.

Бүгінгі таңда Тарих кафедрасында пәндер бойынша оқу басылымдармен қамтамасыз етілу көрсеткішкіші 95 пайызды көрсетіп отыр.

| № | БББ атауы | Пән саны | Окулыктармен камтамасыздандыру көрсеткіші | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тарих және қоғамтану» IP<br>6В02231-Тарих<br>6В01615-Тарих | 37<br>48<br>27 | 95 % | Мамандыкка катысты кітапханаға жыл сайын кітап корын көбейту максатында, сатып алуға тапсырыс беріліп отырады. |

*1-қосымша* бойынша, Оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100% қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы. Кафдераның «6В01615 Тарих», «6В01615 Тарих және қоғамтану (IP)», «6В02231 Тарих» «7М02210 Тарих», «8D01604 Тарих» білім беру бағдарламалары бойынша толық жұмыс жасалып біткен. 5-қосымша бойынша, кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша оқытушы кадрлармен жасақталуы толығымен сәйкес келеді.

*8 қосымша бойынша* кафедраның барлық бағыты бойынша уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес: кәсіби біліктілік жетілдіру сертификаттары бар. Басшылық қызметтегі қызметкерлерде менеджмент саласында біліктілік сертификаттары бар.

**«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова** төмендегі мәліметтерді берді. 2024-2025 оқу жылында «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының оқу-әдістемелік жұмыс жоспары оқу жылының басында бекітілген болатын. Бүгінгі таңда кафедрада 6В01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ бойынша жалпы саны *30* пән, 6В01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ бойынша жалпы саны *30* пән, 7М01202 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша *8* пән, 7М01303- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ бойынша *12* пән жоспарланған. Сонымен қатар, кафедраға қарасты 6В01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ бойынша *4* пән, ал 6В01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ бойынша *3* пән дуальды оқыту жүйесі бойынша сабақтар жоспар бойынша өтілуде.

*Ашық сабақтар және өзара сабақтарға қатысу:* 2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығына жоспарланған 3 ашық сабақ, екі өзара сабақ, 2 семинар сабақтары өтті.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мен «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша мамандыққа қатысты кітапханадағы кітап қоры жасалып, бекітілді. Мамандыққа қатысты кітапханаға жыл сайын кітап қорын көбейту мақсатында, сатып алуға тапсырыс берілуде.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес қосымшалар мәліметі. *1-қосымша бойынша*, Оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100% қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы. Кафдераның *6 БББ бойынша* толық жұмыс жасалып біткен. *5-қосымша бойынша,* кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).

| № | Білім беру бағдарламалар атауы | Пайыздық көрсеткіш | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 1 | 6В10202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 56,25 % | сәйкес |
| 2 | 6В01202 Мектепке дейінгі білім беру (ІР) | 55,56% | сәйкес |
| 3 | 6В01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 59,09 % | сәйкес |
| 4 | 6В01303 Бастауыш білім беру (ІР) | 61,54% | сәйкес |
| 5 | 7М01202 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | 87,50 % | сәйкес |
| 6 | 7М01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 91,67% | сәйкес |

*8-қосымша бойынша* 6В10202-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы және 6В103-Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес: кәсіби біліктілік жетілдіру сертификаттары бар. Басшылық қызметтегі қызметкерлерде менеджмент саласында біліктілік сертификаттары бар. Кафедра инклюзивті білім беру және жасанды интелект бойынша біліктілік жетілдіру сертификаттары барлық оқытушы-профессорлар құрамында бар.

**«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі А.Тасова:** Кафедраның ПОҚ-ның сабақтарына кафедра меңгеруші, кафедраның оқу-әдістемелік төрағасы мен кафедра мүшелері қатысып, өткен сабақтарға талдау жасалынып, хаттамалар дайындалды. «6В01101 педагогика және психология» ББ бойынша емтихан сұрақтары, тәжірибелік емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары дайындалып оқу жылының басында бекітілген болатын.

Мамандық бойынша оқу-өндірістік тәжірибенің кешенді бағдарламасы дайындалып, бекітілді. Барлық тәжірибеге дайындық құжаттары папкілерге хатталып, практика бөліміне өткізілді.

*Оқу-әдістемелік жұмыстарды орындау барысында атқарылған іс-шаралар*

Пәндер бойынша силлабус тақырыптары типтік бағдарламаға сәйкес қайта қаралды. Әр оқытушының ашық сабақ өткізуін қадағалау және олардың сабағына кафедра отырысында әдістемелік талдау жасау жұмысы жүйеге қойылды. кафедрада 2 ашық сабақ, 2 өзара сабақ өткізіліп, хаттамаланды. Әр пәннен лекция тезистерін, практикалық және лабораториялық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар дайындау ісі жүргізілді. Қысқы сынақ-емтиханға дайындықты талдау бойынша кафедра мәжілістері өтті, хаттамасы тігілді.

*Пәндер бойынша кітап қоры, оқу құралдарымен қамтамасыз етілу туралы*

Кафедра бойынша мамандыққа қатысты кітапханадағы кітап қоры бар, жеткілікті, қазақ тіліндегі оқулықтар бар, орыс тілінде, түрік тілінде бар. Ал электронды кітап қоры да бар. Жыл сайын кітап қорын көбейту мақсатында, сатып алуға тапсырыс беріледі.

Университеттің барлық интернет желілері, Республикалық ЖОО арасындағы электронды кітапхана сайтына (*www.rmeb.kz*) қосылған. Университет сайтында студенттер үшін арнайы білім порталы құрылған. Портал көмегімен кафедра оқытушылары дайындаған силлабус, оқу-әдістемелік кешендерді және электрондық оқулықтарды алуға студенттерге мүмкіндіктер жасалынған.

Мамандыққа қатысты кітапханаға жыл сайын кітап қорын көбейту мақсатында, сатып алуға тапсырыс беріледі.

**Пәндер бойынша оқу басылымдармен қамтамасыз етілу көрсеткішкіші**

| № | БББ атауы | Пән саны | Оқулықтармен қамтамасыздандыру көрсеткіші | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Психология» ІР<br>6В01101-Педагогика және психология<br>7М01101- Педагогика және психология<br>8Д01101- Педагогика және | 37<br>48<br>27 | 95 % | Мамандыққа қатысты кітапханаға жыл сайын кітап қорын көбейту мақсатында, сатып алуға тапсырыс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | психология | | | беріліп отырады. |

**«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі А.Бельдибекова:** Журналистика кафедрасының оқу-әдістемелік секциясының отырысы әр айда бір рет жүргізіліп отырды. 2024-2025 оқу жылының басында Оқу-әдістемелік жұмыс жоспары, оқу-әдістемелік секция отырысының жоспары құрылды, оқу-әдістемелік секция құрамы бекітілді.

Кафедраның ПОҚ-ның сабақтарына кафедра меңгерушісі, кафедраның оқу-әдістемелік төрағасы мен кафедра мүшелері қатысып, өткен сабақтарға талдау жасалынып, хаттамалар дайындалды. «6В03239 Журналистика», «6В03279 Сандық медия және телерадиожурналистика» ББ бойынша емтихан сұрақтары, тәжірибелік емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары дайындалып, бекітілген. Пәндер бойынша силлабус тақырыптары типтік бағдарламаға сәйкес қайта қаралды.

Журналистика кафедрасының оқытушысы Ташимова Ә. 12 қазанда «Дата журналистика» пәнінен «Аудиторияны зерттеудің әдіс-тәсілдері»тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақты кафедра отырысында әдістемелік талдау жасалды. Сонымен қатар кафедрада өзара сабаққа кіру жоспарланып, жоспарға сәйкес әр оқытушының өзара сабаққа қатысуын қадағалау және олардың журналға жазылып отыруын бақылау, оған кафедра отырысында әдістемелік талдау жасау жүргізілді.

24-желтоқсанда «Ақпарат жинау және жазу техникаларын оқыту әдістемесі» тақырыбында кафедра оқытушысы М. Ергебеков семинар өтіп, семинар қызу талқыланып, хаттамасы түзілді. Кафедрамыздың профессоры Б. Сердәлі «Жаңалықтар журналистикасы» деп аталатын 120 беттік оқу құралын университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынып, Сенаттан оң шешімін алды.

Әр пәннен лекция тезистерін, практикалық және лабораториялық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар дайындау ісі жүргізілді. Қысқы сынақ-емтиханға дайындықты талдау бойынша кафедра мәжілістері өтті, хаттамасы тігілді. Мамандық бойынша оқу-өндірістік тәжірибенің кешенді бағдарламасы дайындалып, бекітілді Барлық тәжірибеге дайындық құжаттары папкілерге хатталып, практика бөліміне өткізілді.

1-қосымша бойынша, Оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100% қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы. Кафдераның 6 БББ бойынша толық жұмыс жасалып біткен. 1-қосымша «6В03239 Журналистика», «6В03279 Сандық медия және телерадиожурналистика» ББ бойынша толық жасалып, бекітілген.

8 қосымша бойынша кәсіби біліктілік жетілдіру сертификаттары, басшылық қызметтегі қызметкерлерде менеджмент саласында біліктілік сертификаттары бар және Кафедра жасанды интелект бойынша біліктілік жетілдіру сертификаттары барлық оқытушы-профессорлар құрамында бар.

**Шешім 1.1:** 2024-2025 оқу жылында кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебі назарға алынсын (*Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, декан орынбасарлары, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы*).

**Екінші мәселе** ББ 2024-2025 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтінгісіне қатысу нәтижелерін талдау бойынша **декан орынбасары Б.Баешова сөз алды.** Б.Баешова: Әріптестер қаңтар айының соңында «Атамекен» ҰКП-ның тарапынан 2024 жылға Қазақстан бойынша ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының рейтингі жарияланды. Бірінші кезекте рейтинг бойынша білім беру бағдарламасының өзектілігіне, мазмұнының тереңдігіне және мақсатты тағайындалуына назар аударылды. Білім беру бағдарламаларының рейтингі – білім беру сапасын талдау және бағалауға бағытталған жұмыс болып келеді. Рейтинг барысы бірнеше критерийлерге негізделеді. Олардың

ішіндегі негізгілері: түлектердің жұмысқа орналасуы, түлектің оқуды аяқтаған соң жұмысқа орналасу жылдамдығы, еңбекақысына талдау бар. Тағы бір маңызды аспект білім беру бағдарламалары мазмұнының өзектілігі және басқа да параметрлерді бағалау. Енді осы Атамекен рейтингі бойынша әр кафедра деңгейінде талдап өтсек.

**Тарих кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова**: Биылғы жылғы рейтинг үшін 2023 жылғы түлектердің деректері талданады. Жұмысқа орналасу уақыты, еңбекақы деңгейі және жалпы жұмысқа орналасуды анықтау үшін 2022 жылдың тамызынан бастап (барлық түлек диплом алған уақыт) 2024 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі түлектердің ай сайынғы зейнетақы аударымдары туралы ақпарат қолданылады. Мысалы, «Атамекен» ҰКП сарапшыларының жасаған қорытынды негізінде статистикалық мәліметтерге көңіл бөлсек:

| **Тарих (білім беру)**<br>**B015 - Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау**<br>**6B01615 Тарих** | **2023** | **2024** |
|---|---|---|
| Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері (24%) | | 0.64 |
| Білім беру бағдарламасының жетістіктері (16%) | | 0.14 |
| ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері (вес 11%) | | 0.35 |
| Түлектердің мансаптық перспективалары (49%) | 2,08 | 1.00 |
| Жалпы бағасы | 3,27 | 2.14 |
| Жұмыспен камтылу деңгейі (%) | 86 % | 33% |
| Жұмыс іздеу ұзақтығы (ай) | 1,80 | 4.00 |
| | **10/26** | **25/26** |

Биыл рейтингте 2051 білім беру бағдарламасы қатысқан. Ал, 2023 жылы рейтингке 95 ЖЖОКБҰ бойынша 121 мамандық (рейтинг) қатысып, 2090 білім беру бағдарламасы қамтылды. 100 235 түлектің деректері талданып, Қазақстанның барлық өңірінен 190-нан астам салалық сарапшы тартылды. 2024 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру статистикасына ерекше назар аударылды. Соңғы жылдардағы жұмысқа орналасуды талдау теріс динамиканы көрсетеді. Жалпы республика бойынша 2024 жылы жұмысқа орналасу деңгейі 75% құрады, бұл алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерден төмен (2023 жылы 81% және 2022 жылы 80%).

- тағы бір негізгі өлшемшарт – «Түлектердің медианалық еңбекақысы». Бұл көрсеткіш өткен жылдармен (168 887 теңге) салыстырғанда өзгеріссіз қалды. 2021 жылы ол 155 621 теңге, ал 2020 жылы 114 067 теңге деңгейінде болған;

- оқу аяқталғаннан кейін жұмыс іздеу ұзақтығы бағаланды. Республика бойынша орта есеппен, түлектер жұмыс іздеуде 3,3 ай өткізді, олардың 60% - ы алғашқы үш айда жұмыс тапты. Ал 2023 жылы орташа алғанда, түлектер жұмыс іздеуге 79 күн (2,64 ай) жұмсайды, олардың 70%-ы алғашқы 3 айда жұмыс тапқан.

В01615-Тарих ББ бойынша оқу аяқталғаннан кейін жұмыс іздеу ұзақтығы – 4 айға созылған. Өткен жылмен салыстырғанда 1,36 айға ұзарған. 6В01615-Тарих ББ-ның рейтинг нәтижесі өткен жылмен саыстырғанда рейтинг критерийлері бойынша талдау

негізінде позициясы өте төмен болып отыр. (2022 жылы – 21/29, 2023 жылы – 10/26 құраған).

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері

| Білім беру бағдарламасы | Рейтингтегі орны және ЖОО саны | | |
|---|---|---|---|
| | **2022** | **2023** | **2024** |
| В01615-Тарих ББ | 21/29 | 10/26 | **25/26** |

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелерін салыстырып талдайтын болсақ «В01615-Тарих ББ» білім беру бағдарламасы бойынша 2022 жылы жоғары көрсеткіш көрсетілсе, 2023 жылы төмен болып, 2024 жылы мәлімет бойынша 25/26 болып жоғары көрсеткіш көрсетіп тұр.

**«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі кафедра меңгерушісі, А.Рысбекова:** «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының ЖОО-ың білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау нәтижесін шықты. "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау жүргізіп сараптамалық қорытынды жасады.

ҰКП жоғары оқу орындарын 19 критерий бойынша бағалады, олардың негізгілері: жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы, білім беру бағдарламасын аккредиттеу, оқытушылардың сапасы, бағдарламалардың өзектілігі.

Критерийлер үш негізгі блокқа біріктірілген: түлектердің мансаптық перспективалары, білім беру бағдарламаларының сапасы, білім алушылардың жетістіктері. Рейтинг әдістемесі ЖОО жұртшылығымен және сарапшылармен ашық талқылау нәтижесінде қабылданды.

Кафедраға қарасты 6В01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы мен 6В01202- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша кестедегі Рейтингі нәтижесіне назар аударсақ. Бұл кестеде ҚР “Атамекен” ұлттық кәсіпкерлер палатасы анықтаған 2022және 2024 оқу жылдарындағы рейтингі берілген.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері

| Білім беру бағдарламасы | Рейтингтегі орны және ЖОО саны | | |
|---|---|---|---|
| | **2022** | **2023** | **2024** |
| Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 9/33 | 3/33 | **31/38** |
| Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 22/27 | 7/22 | **26/29** |

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелерін салыстырып талдайтын болсақ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша 2021, 2022 қарағанда 2023 жылы едәуір жоғарлау бар, ал, 2024 жылы мәлімет бойынша 38 БББ-нан 31 орында тұру былтырғы жылмен салыстырғанда төмен көрсеткішті көрсетіп тұр.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша 2022 қарағанда 2023 жылы рейтинг нәтижесі жоғары, ал, 2024 жылғы мәлімет бойынша 29 БББ-нан 26 орында тұру былтырғы жылмен салыстырғанда төмен көрсеткішті көрсетіп тұр.

| **Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**<br>**В002 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**<br>**6В01202 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу** | **2023** | **2024** |
|---|---|---|
| Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері (24%) | | 0.59 |
| Білім беру бағдарламасының жетістіктері (16%) | | 0.08 |

| | | |
|---|---|---|
| ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері (вес 11%) | | 0.36 |
| Түлектердің мансаптық перспективалары (49%) | 2,19 | 1.35 |
| Жалпы бағасы | 3,29 | 2.38 |
| Жұмыспен қамтылу деңгейі (%) | | 52% |
| Жұмыс іздеу ұзақтығы (ай) | | 4.70 |
| | **7/22** | **26/29** |

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ЖОО-н рейтинг бойынша 2003-2024 оқу жылында 33 білім беру бағдарламасынан 3 орын өте жоғары көрсеткіш. 2023 жылы жұмыспен қамту шамамен 87 пайыз болған ал биылғы жылы ол 54.17% пайыздық көрсеткішті көрсетіп тұр. Бұл жерде бітіруші түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығыда есепке алынады. Ал биылға оқу жылында Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ЖОО-н рейтинг бойынша толық мәлімет көре алмадық, дегенменен жұмыспен қамту біз берген мәліметте шамамаен 85 пайыздан жоғары еді.

| **Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі<br>В003 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі<br>6В01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі** | **2023** | **2024** |
|---|---|---|
| Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері (24%) | | 0.65 |
| Білім беру бағдарламасының жетістіктері (16%) | | 0.17 |
| ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері (вес 11%) | | 0.38 |
| Түлектердің мансаптық перспективалары (49%) | 1,94 | 1.32 |
| Жалпы бағасы | 3,42 | 2.52 |
| Жұмыспен қамтылу деңгейі (%) | 83% | 54% |
| Жұмыс іздеу ұзақтығы (ай) | 3,20 | 4.85 |
| | **3/33** | **31/38** |

**Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі А.Б.Тасова:**

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелерін салыстырып талдағанда «В001 - Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша 2022 жылы салыстырмалы түрде жоғары

көрсеткіш көрсетілсе, 2023 жылы 2/33 өте төмен позицияны көрсетсе, 2024 жылы мәлімет бойынша 18/34 деген көрсеткіш көрсетіп тұр.

| **Педагогика және психология**<br>**В001 - Педагогика және психология** | **2023** | **2024** |
|---|---|---|
| Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері (24%) | | 0.59 |
| Білім беру бағдарламасының жетістіктері (16%) | | 0.12 |
| ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері (вес 11%) | | 0.36 |
| Түлектердің мансаптық перспективалары (49%) | 2,8 | 1.63 |
| Жалпы бағасы | | 2.70 |
| Жұмыспен қамтылу деңгейі (%) | | 65% |
| Жұмыс іздеу ұзақтығы (ай) | | 3.38 |
| | **2/33** | **18/34** |

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері

| **Білім беру бағдарламасы** | **Рейтингтегі орны және ЖОО саны** | | |
|---|---|---|---|
| | **2022** | **2023** | **2024** |
| В001 - Педагогика және психология | 21/34 | 2/33 | 18/34 |

**«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі А.Бельдибекова:** В03239-Журналистика БББ бойынша оқу аяқталғаннан кейін жұмыс іздеу ұзақтығы – 4 айға созылған. Өткен жылмен салыстырғанда 1 айға ұзарған.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелері

| **Білім беру бағдарламасы** | **Рейтингтегі орны және ЖОО саны** | | |
|---|---|---|---|
| | **2022** | **2023** | **2024** |
| 6В03239-Журналистика | 6/22 | 9/22 | **10/21** |

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022, 2023, 2024 жж-дағы мәліметі бойынша БББ рейтинг нәтижелерін салыстырып талдайтын болсақ, 6В03239-Журналистика ББ-ның рейтинг нәтижесі өткен жылмен саыстырғанда рейтинг критерийлері бойынша талдау негізінде 1 позицияға төмен болып отыр. (2024 жылы 10/21, 2023 жылы – 9/22 құраған, 2022 жылы – 6/22).

| **Журналистика**<br>**6В03239 Журналистика** | **2023** | **2024** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері (24%) | | 0.61 |
| Білім беру бағдарламасының жетістіктері (16%) | | 0.31 |
| ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері (вес 11%) | | 0.24 |
| Түлектердің мансаптық перспективалары (49%) | | 1.60 |
| Жалпы бағасы | | 2.76 |
| Жұмыспен қамтылу деңгейі (%) | | 63% |
| Жұмыс іздеу ұзақтығы (ай) | | 4.00 |
| | **9/22** | **10/21** |

Жалпы рейтинг талапкерге түрлі бағыттағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі туралы құнды ақпарат беруде маңызды. Болашақ студенттерге жұмысқа орналасу перспективалары мен таңдалған бағыт пен университетке байланысты еңбекақының болжамды деңгейін ескере отырып, негізделген таңдау жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, талапкер оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты тез жұмыс таба алатыны туралы болжам жасау үшін рейтинг мәліметтерін қолдана алады. Осы тұста рейтинг талдаулары талапкерлер мен ата-аналары үшін өте құнды мәлімет болады.

**Шешім 2.1:** «Атамекен» ҰКП-ның 2024 жылға 6В01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының рейтингін талдау нәтижелері және өзгеру динамикасы назарға алынсын, одан әрі жақсарту жұмыстары жүргізілсін (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

**Үшінші мәселе** бойынша сөз алған **факультеттің деканы А. Куралбаева** 2024-2025 оқу жылына белгіленген академиялық күнтізбеге сәйкес қысқы аралық аттестаттау 17.12.2024-10.01.2025жж. (FX аптасымен қоса алғанда) күндері аралығында өткізілгендігін, емтихан қабылдаудың 6 түрі қарастырылды, емтихандарды қабылдау формалары факультет кеңесінің шешімдері негізінде Оқу-әдістемелік комитетте бекітілгендігін, емтихан кестелері дайындалып *ayu.edu.kz* платформасына және сайтта жарияланып, тест, жазбаша, тәжірибелік, шығармашылық, эссе және жоба қорғау емтихандарын қабылдау регламенттері білім алушылардың назарына жеткізілгендігі туралы баяндады.

**2024-2025 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің бөлінісі академиялық адалдық лиганың шарттарымен салыстыру кестесі**

**Бакалавриат бойынша**

| **Білім алушылардың алған бағалар саны** | **A, A-** | **B+, B, B-** | **C+ C, C-** | **D+, D** | **F** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды |
| 4001 | 1222 | 2027 | 562 | 98 | 92 |
| Емтихан нәтижесі | 30,5 | 50,6 | 14,04 | 2,4 | 2,2 |
| 4001 | 840 | 2764 | 315 | 19 | 63 |

| Семестр нәтижесі | 20,9 | 69,02 | 7,8 | 0,47 | 1,57 |
|---|---|---|---|---|---|
| Бағалау медианасы | 10 | 25 | 30 | 25 | 10 |

**Магистратура бойынша**

| Білім алушылардың алған бағалар саны | A, A- | B+, B, B- | C+ C, C- | D+, D | F |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды |
| 151 | 82 | 54 | 14 | | 1 |
| Емтихан нәтижесі | 54,3 | 35,7 | 9,3 | | 0,66 |
| 151 | 51 | 91 | 8 | | 1 |
| Семестр нәтижесі | 33,77 | 60,26 | 5,3 | | 0,66 |
| Бағалау медианасы | 10 | 25 | 30 | 25 | 10 |

**Докторантура бойынша**

| Білім алушылардың алған бағалар саны | A, A- | B+, B, B- | C+ C, C- | D+, D | F |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды | Қорытынды |
| 72 | 38 | 33 | 1 | | |
| Емтихан нәтижесі | 52,7 | 45,8 | 1,38 | | |
| 72 | 33 | 39 | | | |
| Семестр нәтижесі | 45,8 | 54,2 | | | |
| Бағалау медианасы | 10 | 25 | 30 | 25 | 10 |

Қысқы аралық аттестаттауға себепті, себепсіз қатыспаған 52 білім алушы мен АБ балы жетпей қалып қысқы аралық аттестаттауға жіберілмеген 24 білім алушыны және сессия кезінде академиялық адалдық сақтамай, ережені бұзу бойынша Актпен шыққан 3 студентті атап өткен факультет деканы қысқы сессияның кафедраларда талндаып, хаттамалануы барысын кафедра меңгерушілерінен сұрады.

Білім алушылардың 2024-2025 оқу жылында үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау бойынша сөз алған **«Тарих» кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова** Тарих кафедрасы ББлар бойынша жүргізілген қысқы аралық аттестаттау нәтижесі курстар және топтар бойынша тапсырылған пәндерге талданды. Мониторинг нәтижесінде оқыту нәтижелерін Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес/сәйкес емес болуын төмендегі кестеден көруге болады. А, А- бағалау медианасы 1, 3, 4 курстарда 2-3 есеге жоғарлап кеткен. В+, В, В-, С+ бағалау медианасы да барлық ББ бойынша 2-3 есеге жоғары көрсеткіште болып тұр. Қалған бағалау медианалары бойынша 1-3 курстар бойынша барлық топтарда өте төмен, ал 4 курста мүлдем медиана шкаласы сақталмағандығын атап өтті.

| | Тарих | Білім алушы жалпы | Сессияға қатысқан білім алушы | A, A- 10% | B+, B, B-, C+ 25% | C+, C, C- 30% | D+, D 25% | F 10% | Үлгерім |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | саны | саны | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 курс ТТА-411 | 18 | 18 | 20,1 | 67,3 | 11,1 | 0,7 | 0,7 | 77,6 |
| 2 | 1 курс ТТА-412 | 18 | 18 | 22,6 | 66,1 | 11,1 | 0,2 | - | 77,3 |
| 3 | 2 курс ТТА-311 | 34 | 34 | 11,5 | 75,5 | 12,5 | 0,5 | - | 89 |
| 4 | 3 курс ТТА-211 | 21 | 21 | 35 | 64 | 0,5 | 0,25 | 0,25 | 98,6 |
| 5 | 3 курс ТТА-211(F) | 6 | 6 | 9,5 | 66,6 | 12 | 7,1 | 4.8 | 92,8 |
| 6 | 3 курс ТТХ-211 | 10 | 10 | 8,3 | 75 | 13,3 | 1,7 | 1,7 | 82,8 |
| 7 | 4 курс ТТА-111 | 16 | 16 | 33,3 | 55,2 | 11,5 | - | - | 88,6 |
| 8 | 4 курс ТТХ-111 | 7 | 7 | 32,1 | 67,9 | - | - | - | 96,9 |

2024-2025 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау нәтижелері жөнінде **«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова:** Қысқы емтихан нәтижесі бойынша студенттердің бағалары тым жоғары. Емтихан нәтижелерін талдау барысында анықтағанымыз академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес келмейді деп мәлімдеп төмендегі кестені ұсынды.

| БББ | Саны | Сессияға қатысқан білім алушы саны | A, A- 10% | B+, B, B-, C+ 25% | C+, C, C- 30% | D+, D 25% | F 10% | Үлгерім% | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ» БББ | | | | | | | | | |
| 1- курс ГМД-211 | 23 | 23 | 0 | 96,3 | 3,7 | - | - | 100,00 | 91,30 |
| 2- курс ГМД-311 | 11 | 11 | 24,24 | 75,76 | | | | 100,00 | 100,00 |
| 3-курс ГМД-211 | 7 | 7 | 6,1 | 93,9 | | | | 100,00 | 100 |
| 4- курс ГМД-111 | 15 | 15 | 34,3 | 65,7 | | | | 100.00 | 100.00 |
| | Барлығы курс бойынша: | | 21,5 | 83,4 | 1 | | | | |
| «БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ» БББ | | | | | | | | | |
| 1-курс ГБП-311 | 60 | 60 | 8,6 | 89.2 | 1.5 | | 0,7 | 97,8 | 88,33 |
| 2-курс ГБП-311 | 93 | 93 | 12,35 | 82,9 | 4,75 | | | 95,25 | 98,92 |
| 3-курс ГБП-211 | 35 | 35 | 40 | 56,9 | 1 | 1,5 | 1,5 | 91.89 | 91,89 |
| 4-курс | 33 | 33 | 33,3 | 65,7 | 1 | | | 97,45 | 99 |
| Барлығы курс бойынша: | | | 23,5 | 73,45 | 2,1 | 0,4 | 0,55 | | |

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының білім алушылары 4 оқу жылы бойынша A, A- алғандар 21,5 % пайыз, тек B+, B, B-, C+ алғандар 83.3% пайыз, C, C-алғандар 1% пайыз, D D, F алғандар жоқ.

«Бастауышта оқыту педагогикасымен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бағдарламасының білім алушылары 4 оқу жылы бойынша A,A- алғандар 23,5% пайыз, тек B+, B, B-, C+ алғандар 73,45% пайыз, C, C--алғандар 2,1% пайыз, D D, - алғандар 0,4 пайыз, F алғандар 0,55 пайыз.

| БББ | Саны | Сессияға қатысқан білім алушы саны | A, A- 10% | B+, B, B-, C+ 25% | C+, C, C- 30% | D+, D 25% | F 10% | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ» БББ | | | | | | | | | |
| 1- курс ГММ-411 | 1 | 1 | 0 | 57 | 43 | - | - | 100,00 | 100,00 |

| «БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ» БББ | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-курс ГМП-411 | 8 | 8 | 1,7 | 98.3 | | | | 100,00 | 100,00 |
| 1-курс ГМП - 311 | 2(қыста қабылдау) | 2 | 25 | 75 | | | | 100,00 | 100,00 |
| 2-курс ГМП - 311 | 5 | 5 | 40 | 60 | | | | 100,00 | 100,00 |

«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасы ББ-лар бойынша жүргізілген қысқы аралық аттестаттау нәтижесі курстар және топтар бойынша тапсырылған пәндерге талданды. Мониторинг нәтижесінде оқыту нәтижелерін Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес/сәйкес емес болуын төмендегі кестеден көруге болады. А, А- бағалау медианасы 1, 2,3, 4 курстарда 2-3 есеге жоғарлап кеткен. В+, В, В-, С+ бағалау медианасы да барлық ББ бойынша 2-3 есеге жоғары көрсеткіште болып тұр. Қалған бағалау медианалары бойынша 1-4курстар бойынша барлық топтарда өте төмен, ал 4 курста мүлдем медиана шкаласы сақталмаған. Магистратуда бойынша барлық курстарда медиана шкаласы сақталмаған.

Білім алушылардың 2024-2025 оқу жылында үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау бойынша сөз алған **«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі Ә.Тасова**: «Біздің кафедрада оқытылатын ББлар бойынша жүргізілген қысқы аралық аттестаттау нәтижесі курстар мен топтар бойынша тапсырылған пәндерге талданды. Мониторинг нәтижесінде оқыту нәтижелерін Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес/сәйкес емес болуын төмендегі кестеден көруге болады. А, А- бағалау медианасы 2, 3, 4 курстарда 2-3 есеге жоғарлап кеткен. В+, В, В-, С+ бағалау медианасы да барлық ББ бойынша 2-3 есеге жоғары көрсеткіште болып тұр. Қалған бағалау медианалары бойынша 1-3 курстар бойынша барлық топтарда өте төмен, ал 4 курста медиана шкаласы сақталмағандығын төменде берілген кестеден көруге болады.

| № | Педагогика және психология кафедрасы | Білім алушы жалпы саны | Сессияға қатысқан білім алушы саны | А, А- 10% | В+, В, В-, С+ 25% | С+, С, С- 30% | D+, D 25% | F 10% |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 курс ГПП-411 | 15 | 15 | 9,3 | 58,6 | 0,6 | - | 1,3 |
| 2 | 2 курс ГПП-311 | 23 | 23 | 47,8 | 51,4 | - | - | - |
| 3 | 3 курс ГПП-211 | 9 | 9 | 52,3 | 42,8 | 7,9 | - | - |
| 4 | 4 кур ГПП-111 | 9 | 9 | 80,9 | 19,1 | - | - | - |

**«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі А.Бельдибекова:** Журналистика кафедрасы БББ-лар бойынша жүргізілген қысқы аралық аттестаттау нәтижесі курстар және топтар бойынша тапсырылған пәндерге талданды. Мониторинг нәтижесінде оқыту нәтижелерін Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес/сәйкес емес болуын төмендегі кестеден көруге болады. А, А- бағалау медианасы 1, 3, 4 курстарда 2-3 есеге жоғарылап кеткен. В+, В, В-, С+ бағалау медианасы да барлық ББ бойынша 2-3 есеге жоғары көрсеткіште болып тұр. Қалған бағалау медианалары бойынша 1-3 курстар бойынша барлық топтарда өте төмен, ал 4 курста мүлдем медиана шкаласы сақталмаған.

| № | Журналистика кафедрасы | Білім алушы жалпы саны | Сессияға катысқан білім алушы саны | A, A- 10% | B+, B, B-, C+ 25% | C+, C, C- 30% | D+, D 25 % | F 10% | Үлгерім |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 курс ГСМ-411 | 28 | 28 | | 67,85% | 31,88% | | | 77 |
| 2 | 1 курс ГЖК-411 | 11 | 11 | | 72,72% | 27,28% | | | 75 |
| 3 | 2 курс ӘСМ-311 | 9 | 8 | 11,1 | 66,3 | - | 11,1 | | 87,5 |
| 4 | 2 курс ӘЖК-311 | | | 11,1 | 77,7 | - | 11,1 | | 99,9 |
| 5 | 3 курс ӘЖК-311 | | | | | | | | |
| 6 | 3 курс ӘСМ-211 | | | | | | | | |
| 7 | 4 курс ӘЖК-111 | 18 | 18 | | | | | | |
| 8 | 4 курс ӘЖК-F | 12 | 12 | | | | | | |

**Факультет деканы А.Куралбаева**. 2024-2025 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің бөлінісін Академиялық адалдық лиганың шарттарымен салыстыру барысында емтихан нәтижелері мен семестр нәтижелері колоколға мүлдем жақын емес және қысқы емтихан нәтижесі бойынша білім алушылардың бағалары тым жоғары. Емтихан нәтижелерін талдау барысында анықтағанымыз академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес келмейді. Бұның себебі неде? Неге көрсеткіш тым жоғары?

**«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова:** Көптеген оқытушылар студенттерге «қанағаттанарлық» бағасын қойғысы келмейді, себебі мемлекеттік грантта оқитын студент үштік алса, стипендиясынан айырылады деген пікір де бар. Дегенменен бағаны студенттерге қойған кезде ешкім төмен баға қой демейді. Тек студенттің накты бағасын қойып бағалай білсек, бағалау критерилерін нақтыласақ.

**«Тарих» кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова:** Көктемгі семестрде емтихан нәтижесі академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес келу үшін көктемгі емтихандарды қандай түрде аламыз осыны анықтап алу қажет. Тәжірибелік емтихан алу адами факторлардың орын алуына алып келді деп ойлаймын. Менің ойымша жазбаша жазбаша емтихан түрлерінде білім алушылардың емтихан жауаптары барынша обьективті тұрғыда бағаланған болатын. Сол себептен де пән бойынша бағалау критерилерін нақтылау қажет.

**«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі А.Бельдибекова: Журналистика кафедрасында** Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасының сақталмауына байланысты біріншіден, шығармашылық емтихан критерийлеріндегі бағалау балдарына өзгеріс енгізу қажет, екіншіден, шығармашылық емтиханда топтық тапсырмалар берілмеу қажет деген ұсынысым бар.

**«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі Ә.Тасова**: Біздің кафедрада кей оқытушыларымыздың білім алушылардың емтихан жауаптарын өте жоғары бағалағаны анықталды. Бұл жөнінде оқытушыларға ескертіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Ф-0Б001/065**

**Шешім 3.1:**

1. 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау барысында оқыту нәтижелерін Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестендіру мақсатында іс-шаралар жүргізілсін (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

2. Оқыту нәтижелерін бағалау медианасын сәйкестендіру мақсатында ПОҚ арасында ECTS пайдалану жөніндегі нұсқаулық бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілсін (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

3. Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкес емес пәндер бойынша көктемгі емтихан қабылдау формалары және емтихан нәтижелерін бағалау критерилері қайта қаралсын (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

**Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы** **Р.Хазретәліқызы**

**Хатшысы** **А.Жарылқасынова**